




ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы	ҚЕ 044/240-2022 Бас.№ 2 10 беттің 2 беті	
«Үздік жастар» байқауының Ережесі		

**1 «ОҚМА» АҚ «Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы»**  
**ӘЗІРЛЕП, ЕНГІЗДІ** Хаттама № 10 « 25 » 02 2022 ж.

**2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен КЕЛІСІЛДІ**  
 Хаттама № 4 « 18 » 03 2022 ж.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы	Е 044/240-2022
«Үздік жастар» байқауының Ережесі	Бас.№ 2 10 беттің 3 беті

## МАЗМҰНЫ

1.НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	5
4. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ .....	5
5. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....	5
6. БАЙҚАУ НОМИНАЦИЯЛАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ.....	6
7. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	7
8. БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ .....	7
9. БАЙҚАУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР .....	7
10. БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ .....	8
11. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ .....	8
12.БИБЛИОГРАФИЯ.....	8

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы		Е 044/240-2022
«Үздік жастар» байқауының Ережесі		Бас.№ 2 10 беттің 4 беті

## 1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілдеде бек., № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қарашада бек., № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қарашада бек., №414- V ҚРЗ;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2015. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 044/002-2021. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 044/003-2022. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 044/011-2022. Персоналды басқару;
- СТ 044/012-2022. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

## 2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады.

- |           |   |
|-----------|---|
| ҚР ДСМ    | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі,        |
| ҚР БҒМ    | - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі,        |
| «ОҚМА» АҚ | - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы |
| ЖСБ       | - Жастар саясаты бөлімі,                                      |
| ОӘЖ       | - оқу-әдістемелік жұмыстары,                                  |
| ОӘО       | - Оқу-әдістемелік орталығы,                                   |
| ӘШД       | - Әкімшілік-шаруашылық департаменті,                          |
| ӘБП       | - әкімшілік-басқарушы персонал,                               |
| ЖОО       | - жоғары оқу орны,  |
| СӨС       | - салауатты өмір салты,                                       |
| ІД        | - Ішкі істер департаменті,                                    |
| ІСД       | - Ішкі саясат департаменті,                                   |
| АЖО       | - Академияның жастар орталығы.                                |

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы	Е 044/240-2022
«Үздік жастар» байқауының Ережесі	Бас.№ 2 10 беттің 5 беті

### **3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Аталған ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы № 873 Қаулысы;
- жоғары кәсіптік білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.05.2013 жылғы № 499 Қаулысы;
- «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысы;
- тәрбие жұмысының үлгілік кешенді жоспарындағы рухани-адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі дамыту және жетілдіру мүмкіндіктерін тану, адамгершілік-мәдени, эстетикалық және этномәдени тәрбиелеу, талантты студент жастарды анықтау, шығармашылық потенциалын дамыту бағытына сүйенеді;
- ОҚМА байқаудың өкілетті органы болып танылады.
- ОҚМА-ның факультет декандары, жастар саясаты бөлімі байқауды ұйымдастырады.

### **4 ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ**

- «Үздік жастар» байқауын ұйымдастыруды жылдық жоспарға енгізіп, бекіту;
- байқаудың өткізілетіндігі туралы хабарламаны барлық кафедраларға оқу жылының басында беру;
- байқаудың ұйымдастыру шараларының жоспарын жасау;
- байқаудың қорытындыларын рәсімдеу.

### **5 БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### **5.1. Мақсаты:**

- білімді, дарынды, белсенді жастардың мәртебесін арттыру, ОҚМА-ның қоғамдық өміріне белсене араласып, зор үлесін қосқан көшбасшылар мен әр салада (ғылым, білім, спорт) өз мамандығының шеберлерін анықтау және марапаттау.

#### **5.2. Міндеттері:**

- өз қабілеттерін белгілі бір шығармашылық салада байқап көре білетін, кәсіби деңгейі жоғары шығармашыл және дарынды студенттерді анықтау;
- Қазақстандық тәрбие жүйесін дамытудың инновациялық идеяларын қолдау және дәріптеу;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы	Е 044/240-2022
«Үздік жастар» байқауының Ережесі	Бас.№ 2 10 беттің 6 беті

- ОҚМА – да білім мен тәрбиенің мәртебесі мен маңызын арттыру, тәрбие құндылығына ОҚМА ұжымының оң көзқарасын қалыптастыру.

## **6 БАЙҚАУ НОМИНАЦИЯЛАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ**

– «Үздік жас ғалым» - ОҚМА-ның жалпы оқу жылдарында білім мен ғылым саласы бойынша жасалған жобалары мен түрлі тақырыптағы ғылыми іс-әрекеттері және Халықаралық, Республикалық және де т.б. деңгейде жобаларын таныстырған және ғылымдық бағытта жарыққа шыққан баяндамалары мен мақалаларымен жетістікке, табыстарға жеткен үміткер;

– «Үздік студент» - толық оқу жылдары бойынша сабақ үлгерімі мен ОҚМА-ның қоғамдық жұмыстарына, сонымен қатар Республикалық, облыстық іс-шараларда белсенділік танытқан үміткер;

– «Үздік бітіруші» - академиялық оқу жылдарының есебі бойынша барлық курста оқуда озат болып, жоғары бағаларға ие болған үміткер;

– «Үздік топ басшы» - оқу үлгерімі мен топ студенттерінің қозғалысына толық жауапкершілікпен қарайтын және топ студенттерінің сабақ үлгерімі мен қоғамдық іс-шараларға қатысқанын қадағалаушы;

– «Үздік топ» - сабақ үлгерімі мен қоғамдық іс-шараларға белсенді, әрі барша студенттермен ынтымақты топ;

– «Үздік I курс студенті» - бір жылдық есеп бойынша сабақ үлгерімі мен белсенділігі жоғары студент;

– «Үздік спортшы» - Халықаралық, Республикалық, облыстық, және ЖОО-аралық және т.б. деңгейде спорттық ойындарында жоғары жетістіктер мен табыстарға жеткен үміткер;

– «Үздік пікір сайысшы» - Халықаралық, Республикалық, облыстық, және ЖОО-аралық және т.б. деңгейде академия атын таныстырып, дебат ойындарында (пікір сайыс ойындары) жетістікке жеткен үміткер;

– «Үздік көшбасшы» - академия қабырғасында студенттер арасында белсенділігін жоғары үлгіде танытқан және барлық іс-шараларға атсалысқан лайықты студент.

– «Үздік магистрант» - жоғары білімінен кейінгі оқу жылдарында ғылыми және саяси жобаларымен көптеген жетістіктер мен табыстарға ие болған, сонымен қатар бірнеше тілді меңгерген үміткер.

– «Үздік ұйым басшысы» - жыл бойы жоспарға сәйкес және жоспардан тыс жұмыстар атқарып, белсенділік танытқан ұйым.

– «Үздік ерікті» - өз еркімен қала деңгейінде, оқу орнында қайырымдылық жұмыстарымен айналысып, қоғамдық жұмыстарға ат салысқан студент.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы	Е 044/240-2022
«Үздік жастар» байқауының Ережесі	Бас.№ 2 10 беттің 7 беті

– «Үздік медиа менеджер» - ОҚМА-ның ақпараттық медиа саласына елеулі үлес қосқан студент.

## **7 БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

7.1. ОҚМА-да орта білім, бакалавриат немесе магистратура бойынша білім алушы болып табылатын тұлға қатыса алады;

7.2. Байқауға қатысушы ОҚМА-да сабақ үлгерімі жақсы, республикалық, облыстық, қалалық іс-шараларға белсене қатысып, жетістіктерге жеткен жан-жақты тұлға болуы тиіс.

## **8 БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ**

8.1. I іріктеу кезеңі – әр оқу жылындағы білім алушының оқу үлгерімі, сессиясы және білім алушылардың арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша;

8.2. II кезең – байқаудың негізгі кезеңі – оқу жылының наурыз айында;

8.3. III кезең – марапаттау кезеңі – «Үздік жастар» байқауының қорытынды кешінде марапаттау.

## **9 БАЙҚАУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР**

9.1. Байқаудың іріктеу кезеңіне қатысу үшін төменде аталған құжаттар әр оқу жылының ақпан айына дейін жастар бөліміне тапсырылуы тиіс:

– кафедра меңгерушісінің байқауға қатысатын үміткерге берілген ұсынымы (деканат, кафедра отырысынан хаттама көшірмесі);

– қатысушының өтініші;

– 2 дана түрлі-түсті сурет (10x15);

– кафедра меңгерушісінің байқауға қатысушы үміткерге берген мінездемесі;

– байқауға қатысушы үміткер туралы жалпы мәлімет, байланыс телефондары, электронды мекен-жайы көрсетілген түйіндеме;

– байқауға қатысушы үміткердің оқу кітапшасындағы пайыздық көрсеткіші (GPA-балл);

– байқауға қатысушы үміткердің медаль, кубок, алғыс хат, грамота, сертификат және т.б жетістіктерінің көшірмесі.

9.2. Құжаттар қағаз түрінде және электрондық нұсқалары мен видеоматериалдары компакт дискі түрінде қабылданады. Байқауға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

## **10 БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ**

Байқаудың қорытындысы ОҚМА әкімшілігі, профессор-оқытушылық құрамы мен студенттердің қатысуымен салтанатты түрде өтеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы	Е 044/240-2022
«Үздік жастар» байқауының Ережесі	Бас.№ 2 10 беттің 8 беті

## **11 ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

Байқауды ұйымдастыру және техникалық жағынан қаржыландыру қаржы және шаруашылық қызметі жөніндегі проректор тарапынан жүзеге асырылады.


## **12 БИБЛИОГРАФИЯ**

– білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы № 873 Қаулысы;


– жоғары кәсіптік білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.05.2013 жылғы № 499 Қаулысы;

– «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысы;




ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	Е 044/240-2022 Бас.№ 2 10 беттің 9 беті
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы		
«Үздік жастар» байқауының Ережесі		








**Әзірлеген:**

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
ӘМЖЖС басқармасының басшысы	Е.Қ.Сәлім	01.03.2022ж	

**Тексерген:**

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
МЖСМЖ секторының меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов	03.03.2022ж	

**Келісілді:**

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
СДжИ жөніндегі Бірінші проректор	М.М.Есиркепов	10.03.2022ж	
ҚШҚ жөніндегі проректор	Ж.С.Сейтжанова	10.03.2022ж	
ОӘЖТЖ жөніндегі проректор	М. У.Анартаева	10.03.2022ж	
ҒКЖ жөніндегі проректор	Б.К.Нурмашев	09.03.2022ж	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев	06.03.2022ж	
Фармация факультетінің деканы	Ғ.Ж.Умурзахова	04.03.2022ж	
Медицина факультетінің деканы	Б.З.Долтаева	04.03.2022ж	
Медицина колледжінің директоры	А.Кушкарова	04.03.2022ж	